

Н. Алдабек, А. Түргенбай

ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ



Оқулық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Н. Алдабек, А. Түргенбай

ҚЫТАЙ
МӘДЕНИЕТІНІҢ
ТАРИХЫ

Оқулық

Алматы
“Қазақ университеті”
2011

ББК 63.3(5)

А 38

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті
оқулық ретінде ұсынған (22 желтоқсан 2010 ж.)*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **З. Қинаятұлы**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ж. М. Төлебаева**
философия ғылымдарының докторы **А. Б. Наурызбаева**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Н. Мұқаметқанұлы**

Алдабек Н., Түргенбай А.

А 38 Қытай мәдениетінің тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 314 бет.

ISBN 9965–29–745–2

Оқулықта Қытайдың ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі мәдениетінің тарихына, дәстүрлі қытай әдебиеті мен өнеріне, рухани мәдениетіне ерекше көңіл бөлінеді.

Әлемдік мәдениеттің дамуына орасан зор ықпал еткен аса бай қытай мәдениетінің жетістіктерімен қатар, қытай халқының рухани құндылықтары, әлемдік кереметтер санатына кіретін гажайып мәдени ескерткіштері, олардың жасалу тарихы мен өзіндік ерекшеліктері баяндалады.

Оқулық “Шығыстану”, “Аймақтану”, “Тарихшы”, “Халықаралық қатынастар” мамандықтары бойынша және қытайтану ғылымына қызығушылық танытушы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ББК 63.3(5)

ISBN 9965–29–745–2

© Алдабек Н., Түргенбай А., 2011
© Әл-Фариби атындағы ҚазҰУ, 2011

КІРІСПЕ

Кытай – адамзат өркениетінің ең көне ошақтарының бірі және ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлері бар, тарихи тамыры тереңнен бастау алатын ел. Бүгінде байырғы мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сақтай отырып, Қытай осы қазіргі кезеңге тән заманауи үрдіспен де дамып келеді. Қытайда болған адам ол жерден ежелгі өркениеттің үлгілерімен қатар, модернизацияның да өзіндік таңбасын байқай алады. Бес мың жылдан астам тарихы бар Қытай елі мәдени құндылықтарымен де адамзаттың назарын еріксіз өзіне аударып отыр. Қытай өркениетінің озық үлгілерін материалдық және жазба мәдениет ескерткіштері түрінде кездестіруге болады. Жазба ескерткіштері жағынан Қытай өркениеті әлемдегі ең бай елдер қатарына жатады.

Қытай мемлекеті өзінің бес мыңжылдық даму тарихында өте қызықты тарихи оқиғаларды бастан кешіріп, мәдениет пен ғылымның тамаша жетістіктеріне қол жеткізді. Адамзат тарихында ең алғаш пайда болған деген атауға ие деп айтылатын өркениеттің ең көп үлгілері де Қытайға тән. Мысалы, ең алғаш рет жазу-сызуды, қағаз бен сияны, оқ-дәрі мен компасты алғаш ойлап тапқан да көне қытайлықтар. Оның тарихы, мәдениеті, адамдардың тұрмыс-салты мен айналысқан шаруашылық түрлері басқалардан өзіндік ерекшеліктерімен қызықтырады. Қытай ежелгі заманда-ақ өзінен сырт жатқан елдер туралы әлемге белгілі өркөкірек саясатын, дәстүрлі дипломатиясын қалыптастырған. Қазақ халқы, көне заманғы біздің арғы ата-бабаларымыз да осы Қытай елімен ғасырлар бойы етене араласып, онымен тарихи байланыста болып келгендігі белгілі. Қазіргі күнде тәуелсіз еліміз Қытаймен 3,5 мың шақырымдық шекарасын ресми